

2002 жылғы 30 наурыздағы ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 258 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2002 жылғы 30 наурыздағы ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2002 жылғы 30 наурыздағы ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

2002 жылғы 30 наурыздағы ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

2002 жылғы 30 наурыздағы ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен

олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімнің (бұдан әрі -
Келісім) 11-бабына сәйкес,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізуге:

9-бапты қоспағанда, Келісімнің мәтіні бойынша "этил спиртінің, алкоголь,
құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің" деген сөздер тиісті септікте "этил
спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар, темекі өнімдерінің және ақ қант" деген
сөздермен толықтырылсын;

1-баптың бірінші абзацындағы "(акциздер және ҚҚС)" деген сөздер "(акциздер және
/немесе ҚҚС)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бап: "айналымына бақылауды" деген сөздерден кейін "Тараптар мемлекеттерінің
ұлттық заңнамасына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес" деген сөздермен
толықтырылсын.

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді
Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға
тапсырылған күнінен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

3-бап

Осы Хаттама Келісімнің қолданыс кезеңіне жасалады.

200_ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.
Хаттаманың түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың
Интеграциялық комитетінде сақталады, ол әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін
жібереді.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК